

жан-жақты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, өз ұлттық өнеріміз бен өзге ұлттардың, әлемдік музыка мәдениетінің үлгілерін қатар игерген білікті, ойлы азамат тәрбиелеп шығаруға септігін тигізеді. Сонымен қатар оқушыларды жана білімдермен байыта, олардың ақыл-ойын және ақыл қабілеттерін дамыта отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, музыкалық қызығушылықтарын қалыптастыруға өз үлестерін қосатыны анық.

Олай болса, лекция-концерттің оқушыларды тәрбиелеуде алатын орны ерекше, себебі оқушыларды өздігінен дербес жұмыс істеуге дағдыландырады, шығармашылық ізденімпаздыққа баулиды, сондықтан мектепте лекция-концерттерді барынша өткізуге аса көңіл бөлген жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан – 2030 [Мәтін]. – Алматы : Білім, 1997.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы [Мәтін]. – Алматы : Қазақстан, 1995.
- 3 Сағымбеков, М., Көпбаев, А. Мектептерде лекция-концерттерді ұйымдастыру әдістемесі [Мәтін]. – Алматы, 1994.
- 4 Дүйсембінова, Р. К. Қазақтың әншілік өнері [Мәтін]. – Алматы, 1998. – 17 б.
- 5 Құнанбаев, А. Екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Т. 2. – Алматы, 1986.
- 6 Потанин, Г. Н. Восточные мотивы в среднем европейском эпосе [Мәтін]. – М., 1899.
- 7 Жұбанов, А. Қ. Ән-күй сапары [Мәтін]. – А., 1976. – 21 б.
- 8 Сухомлинский, А. В. О воспитании [Мәтін] // Выдержки из книг и статей. – М. : Политиздат, 1973. – 272 с.
- 9 Сағынтаев, П., Шәкірбаева, А. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие беру әдістері [Мәтін]. – А., 1996.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

А. К. Ахметова

Эффективность проведения лекции-концерта со школьниками будущего учителя музыки

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 23.08.17.

100

А. К. Ахметова

The efficiency of conducting a lecture-concert with pupils by future music teacher

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty.
Material received on 23.08.17.

В данной статье автор рассматривает эффективность проведения лекции-концерта со школьниками буду. Проведение лекции-концерта дает ознакомление с наследием народа в музыкальном мире, с казахским музыкальным искусством, деятелями зарубежной музыки, творчеством композиторов. Особенно лекции-концерты помогают любить традиции своего народа и родины.

In this article the author discusses the effectiveness of a lecture-concert with pupils. Conducting a lecture-concert introduces to the musical heritage of the people, to the Kazakh musical arts, leaders of the foreign music, the composer. Especially the lecture-concerts help to love the traditions of the people and the homeland.

ӨОЖ 378.147(091)

Г. Аширбекова¹, С. К. Ксембаева²

¹магистрант, ²п.ф.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: ¹mikalasoni@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕМДЕГІ ДАМУЫ: ТАРИХИ КӨЗҚАРАС

Мақалада әлемдегі университеттік білім беру жүйесіне тарихи сипаттама берілген. Көне заманнан қазіргі кезге дейін танымал университеттерінің дамуы көрсетілген.

Кілтті сөздер: үдеріс, алғашқы университеттер, кредиттік оқу технологиясы.

КІРІСПЕ

Дүниежүзілік білім беру тарихында өлі де толығымен зерттелмеген тақырыптар аз емес. Осы тақырыпты зерттеу барысында біз еуропалық

101

алғашқы университеттердің тарихын қарастырдық. Германияның білім беру тарихын зерттейтін болсақ, бұл ел XIX ғасырдың басында жиырма шақты университеттен бастап, ғасырдың соңына дейін университеттердің саны қырықтан асырды, әрі университеттік білім бұқаралық сипат алды. Алғашқы университеттерде дәріс, семинар, практикалық және лабораториялық сабақтар секілді оқу үдерісінің негізгі формалары ұйымдастырылды. Дәрістер бірнеше жүз адамдарға, семинар сабақтар жүз, тіпті одан да көп студенттерге оқытылды. Нәтижесінде оқытушының студенттермен жеке қатынасқа түсе алмады, әрі студенттердің көпшілігі ғылыми іс-әрекетке араласа алмай қалды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта Германиядағы жоғары білім беру жүйесін басқа елдердің жүйелерімен салыстыратын болсақ, өзіндік, ерекше сипатын көреміз. Шамамен 60-70 % қаржы персоналдарға төленеді, 20-30 % оқыту мен ғылыми зерттеулерге, 10-15 % басқару жүйесіне жұмсалады. Ал жастар үшін ең жақсысы – мемлекеттік жоғары оқу орындарда оқыту ақысыз. Әлеуметтік тұрғыдан студенттерге материалдық көмек, ұзақ мерзімге пайызсыз несие, жәрдемақы беріледі.

Германияның жоғары оқу орындары заңды түрде тәуелсіз, өзін-өзі басқарады, оқытудың құрылымын, әдістері мен мазмұнын, ғылыми-зерттеудің бағытын өздері анықтайды. Бұл елде академиялар, университеттер, техникалық университеттер, жоғары техникалық және басқа да арнаулы біріктірілген жоғары мектептер, теологиялық, педагогикалық, өнер және т.с.с жоғары оқу орындар аз емес. Әр қайсында жоғары академиялық дайындық, кең ауқымды зерттеушілік жұмыс, автономия, дәреже беру құқығы тән.

Басты ерекшеліктерінің бірі – Германияда мектеп түлектері аттестаттың орта балына сай емтихансыз қалаған жоғары оқу орнына түседі.

Өрине, талапкерлердің саны көп болуына байланысты кейбір шектеулер де бар. Екінші мамандық алғысы келетін шет ел азаматтарына, оқуын бітірген соң нақты бір жерде жұмыс істеу міндеттелгендерге квота (женілдік) бар, ал қалған орындар аттестаттың орташа балына, жоғары оқу орындағы босаған орындар күту мерзіміне орай үлестіріледі.

Көптеген зерттеушілердің мойындауынша дүниежүзіндегі ең тиімді жоғарғы білім беру жүйесі АҚШ-та, сонымен қатар, АҚШ-тың бастауыш және орта мектебіндегі білім жүйесін халықаралық салыстыру бұл деңгейлердің әлсіздіктерін көрсетеді.

АҚШ-тың жоғары білімі қалыптасу құрылымы диверсификациялануымен сипатталады: курстар, оқу бағдарламалары біртұтас әлеуметтік институт

102

болып табылады; олар маңызды әлеуметтік және идеологиялық қызметтерді орындайды. АҚШ президенті Дж. Буштың білімдендіру реформалары бағдарламасында барлық балаларға теңдей мүмкіндік жасау керек деп есептеген.

Тарихы мол Ұлыбританияның ең өгітілі екі университеті – Оксфорд және Кембридж болып есептеледі. Алғашқыда екі университетте де студенттер саны аз болды және XVIII ғасырдың ортасына қарай олардың саны азайғаны соншалықты тіпті ол университеттер қиын жағдайда жұмыс жасады. Бұл жылдары университеттердегі оқытушылардың бейнесіне де ағылшындардың көңіл толмаушылығы болды [50]. XIX-ғасырдың басында оқыту деңгейі Еуропа университеттерінен айтарлықтай қалып отырды – ол аймақтық колледж деңгейіне сай болды, бұл мекемелерде ғылыми зерттеулер жүргізілді. Екі университетте де оқу-ғылыми және тәрбиелік іс-әрекеттердің ұқсас болуы салдарынан екі университетке ортақ Oxbridge (Оксбридж) атауы пайда болды.

Ұлыбританиядағы Оксбриджден басқа XVIII-XIX ғасырларда оқу орындары қарқынды дами бастады. Шотландияның (St. Andrews, Glasgow, Aberdeen, Edinburgh) 4 ежелгі университеттері жұмыс жасады. Аудиторияда профессорлар дәріс оқи бастады. Лекторлар қандайда бір сала бойынша маманданды, ол профессорлардың ғылыми деңгейінің көтерілуіне әкелді, сойтіп өз саласының білгіріне айналды, ғылыммен айналысты, ойпыл болды. Ұлыбритания университеттері XIX-ғасырдың соңына қарай шіркеуліктен аристократиялыққа өтті, профессорлар ғылыммен айналыса бастады, бірақ Германиямен салыстырғанда ғылыми зерттеулер олардың басты міндеттері бола қойған жоқ. Студенттерді жүйелі ғылыми дайындау өлі қолға алынған жоқ.

Қазіргі кезде Ұлыбританияда жүзге жакын университеттер жұмыс жасайды. Оқу үдерісі қазаннан маусымға созылады, 3 семестрге бөлініп 8-10 апта оқиды. Университеттерде аптасына орташа 14-сағат аудиториялық болса, 23-сағат студенттердің өзіндік жұмысына беріледі, политехникалық институттарда сәйкесінше 22-17 сағат беріледі. Аудиториялық уақыттың 50 %-ын дәрістер құрайды. 2-ден 10 студент жұмыс жасайтын оқытудың жеке дара топтық (тьюторнал) әдісі кең тараған. Ол аптасына бір рет болады. Жаратылыстану және қолданбалы ғылымдар үшін лабораториялық жұмыстар оқу мерзімінің 30-40 %-ын алады, сондай-ақ семинарлар мен практикалық сабақтар да өтеледі. Университеттердегі сабақтар өздерінің академиялығымен ерекшеленеді, сол себептен де өндірістік практикаға аз уақыт бөлінеді. Университеттердегі оқу мазмұны әдетте тар практикалық іс-әрекетке емес, керісінше студенттердің өз бетінше жана мәселені қарастыра алатындай кең ауқымды саланы қамтиды. Бакалавр дәрежесін алу үшін әдетте екі негізгі емтихан – бірінші және екінші жылдан соң, қалғандары аралық тапсырылады. Барлық емтихандар жазбаша өтеді, олардың ойынша бұл объективті болып табылады. Бірінші академиялық

103

дәреже – бакалавр (оқу мерзімі – 3–4 жыл, медицинада – 5–6 жыл) екі түрлі болып келеді – қарапайым (кең ауқымды пәндерді жалпылай оқу) және кадрлі (шектелуі ғана пәндерді терең оқу) дәрежелер. Қарапайым дәрежелер студенттердің магистр және доктор атағын алуына мүмкіндік бермейді. Ғылым, өнер немесе философия магистрі дәрежесін алу үшін бакалавриаттан соң 1–2 жыл оқиды немесе ғылыми – зерттеу жұмысымен айналысады. Магистр дәрежесі оншалықты тарала қоймаған және ол докторлық дәрежесінің толық курсынан өте алмағандарға беріледі. Жоғары білімнің екінші дәрежесі, әсіресе, докторлық дәреже Ұлыбританияда кейінірек беріле бастады. 1918 жыл алғаш рет PhD ғылыми дәрежесі АҚШ-тан 50-жыл кейін беріле бастады әрі көп жылдар бойы диссертация қорғау бірегей болып келді. Егер бұл осылай жалғаса бергенде шет ел студенттері Германияға оқуға кетер еді, сол себептен де жоғары мектептің екінші сатысын көтеруге көңіл бөліне бастады. Философия ғылымының докторы атағына ие болу үшін диссертация қорғаумен аяқталатын ғылыми-зерттеу жұмысы орындалады және соңында емтихан тапсырылады. Бұл деңгейде студенттер бакалавриаттан кейін дәрістерге қатыспай-ақ өз бетінше оқиды. Ғылым, әдебиет немесе құқық докторы дәрежесін ғылым мен техника дамуына үлес қосқандығына орай, яғни, жариялаған ғылыми еңбектеріне байланысты беріледі.

Францияның білім беру жүйесі тікелей елдің дамуымен байланысты. Париждік университет XII ғасырда негізін қалады, ол Европадағы Болоньенден кейінгі ең көне университет болып есептеледі. Франциядағы жоғарғы оқу орындарына жалпы орта білімнің базасында дайындықты 2–6 жыл мерзімінде жүзеге асыратын оқу мекемелерін жатқызады. Орта білімнен кейінгі білімді негізінен екі типке бөлуге болады: университеттік және мамандандырылған. Жоғары оқу орнына түсу үшін бастауыш мектеп, орта білімнің бірінші циклі (4 жыл) ол жалпы білім беретін колледждерде және лицей немесе арнайы училищелердегі орта білімнің екінші циклі (3 жыл) тұратын толық орта білім болуы керек. Жоғары мектептегі оқу үлгерімінің нәтижесіне түлектерге қарай бакалавр дәрежесі беріледі. Бакалавр дәрежесі Франциядағы жоғарғы мектептегі алғашқы баспалдақ болып табылады, сол себептен орта мектептің жоғары сатысы орта және жоғары білімнің арасындағы аралық болып табылады. Егер лицейдің мамандандыру үдерісі университет көсіптеріне сай келсе, бакалавр дәрежесін алғандар емтихансыз жоғары оқу орнына түседі.

90-жылдарға дейін университеттерде оқыту үш циклден тұрады:

- бірінші цикл (2 жыл) – жалпы ғылыми дайындық, оқу бітірген соң білім аумағын көрсете отырып, жалпы университеттік білім туралы диплом (DEUG – Diplôme d'études universitaires générales) беріледі;

– екінші цикл – кәсіби дайындық (1 жыл) – бітірген соң лицензиат дипломы беріледі, тағы бір жылдан соң, екінші циклдің соңында мэтриз (Maitrise) дипломы беріледі;

– үшінші цикл (1 жыл) – салада кәсіби мамандық алу үшін қалғандарға берілетін жоғары мамандандырылған білім туралы (DESS – Diplôme d'études spécialisées) диплом беріледі.

1990 жылдан бастап Licence мен Maitrise-нің баламасы ретінде ғылымға ерекше қабілетті студенттер үшін магистратура енгізілді. Онда түлек арнайы бағдарлама бойынша үш жыл оқыған соң магистр дәрежесіне ие болады.

DEA немесе Magistere дипломы бар университет түлектері тағы 3–5 жыл оқу арқылы докторлық дипломға, яғни Ph.D ие болады. Сондай-ақ басқалардың ғылыми жұмысына басшылық ету мүмкіндігіне ие болатын докторлықтың екінші сатысы да енгізілуде. Университет оқытушысы болу үшін бірнеше жыл ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуы қажет, ғылыми жарияланымдары жарық көруі; доктор дәрежесін иеленуі; алдын ала біліктілер қатарына ілігуі; ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасау құқығына ие болуы тиіс.

Біздің еліміздегі университеттер Ресейлік үлгіде жасалғандықтан, біздер олардың құрылу мен даму тенденцияларын зерттеп алған тиімді. Ресей университеттерінде дін мәселесі өзекті болмаған, оны бұл елдің жоғары оқу орындарында діни факультеттердің болмағандығы дәлел бола алады. Бұл салыстырмалы түрде оларда кеш пайда болғандығымен түсіндіріледі. XVIII ғасырда Ресейде мемлекет шіркеуге билік жүргізді, сол себептен алғашқы университеттер шіркеудің емес, мемлекеттің қарамағында болды.

Ресейлік университет еуропалықтардан жеті ғасырға кеш пайда болды, ал оларды ұйымдастыруға деген талпынысты мемлекет жасады.

Статистикалық мәліметтер мен тарихи әдебиеттерді талдаулардың көрсетуінше, XIX ғасырдың алғашқы он жылында қоғам университетке пассивті көзқараста болды, университеттердің өздері де қоғам дамуына оншалықты ықпал ете қойған жоқ. Мәселен, Мәскеу университеті. Осы оқу орнының тарихы мол, 1755 жылы пайда болған, XIX ғасырдың басында жоғары әлеуметтік мәні бар мәдениет пен ғылым орталығына айналды. Университет күнделікті қоғам өмірінен тыс қалып қойған жоқ, қоғамдық ойдың дамуына бағыт қалыптастырды. Ресейлік модельдегі классикалық университеттерде утилитаризммен алпақ, «таза ғылым храмының» ролі мықты бекіді. Осылайша Ресейдегі классикалық университеттердің бірден бір ажырамас сипаттамасы олардың фундаменталды ғылымды ұстануында болды.

Жоғары оқу орындарының құндылық бағдары мен қызметі, институционалдық табиғаты мәселелерін қарастыру университеттің ұлттық моделін іздестірумен байланысты болды. Бұл үдеріс XIX ғасырдағы көптеген

еуропалық мемлекеттерге тән болды. Дәл XIX ғасырда университеттік білім беру концепциялары құрастырылды, кейінірек олар классикалық деген атауға ие болды. Университет сипаттамаларының ішінен ең негізгілері алынады, университет алдында тұрған міндеттер түзетіледі. Бірақ мақсаттары өзгермейді: білім беру, ғылым, мәдениет.

Ресейдің замануи жоғары оқу орындарын алатын болсақ, жаңа гуманитарлық парадигмалар орын алады.

Біздің ойымызша, қазіргі университеттік білім ең алдымен педагогикалық білімнің гуманитаризациялану тұжырымдамасына негізделген, яғни, ол бойынша білім ең алдымен әлемдегі адам болмысын оның әлеммен өзара әрекеттесуі арқылы мәнін ашудан тұрады.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесін сипаттайтын болсақ, онда екі бағытты анықтауға болады: ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру мен әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне ену үдерісі 2003 жылдан бастап еліміздің оқу орындарында және магистратурасында кредиттік оқыту технологиясын ендіруден басталды. Қазіргі кездегі кредиттік технологияның ерекшеліктерінің ішінде ең тиімділерін көрсетсек:

- игерген білім сапасының емтиханда бағаланып, сынақтың болмауы;
 - оқу мотивациясының артуы;
 - шетелде оқу мүмкіндігі, алған білімді басқа елдегі оқу орнының академиялық мойындау кепілдігі;
 - оқытуда интерактивті әдістердің кеңінен қолдану мүмкіндігі;
 - білім деңгейінің нақтылығы, баға жүйесінде дәстүрлі бағалаудан өзгеше жинақталатын сынақтық жүйенің енгізілуі және дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару механизмінің болуы, бағалаудағы ерекшеліктер жатады.
- Кредиттік оқыту жүйесі сабақты жекелей жоспарлау негізінде өздігінен білім алуын және жекелендіру арқылы білімді шығармашылықпен игеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Ол әлемдік стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуге, барынша сапалы білім беру арқылы біліктілігі жоғары және еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы кредиттік жүйенің ендірілуі әлемдік білім беру саласындағы беталыстарды ескеруді, шет елдердегі бұл жүйенің тәжірибесін зерттеуді және жинақтауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында ұлттық білім беру ұйымдарында білім алушылардың және профессор-оқытушылар құрамының ікемділігін

қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мамандарды үш деңгейде даярлау: «бакалавр – магистр – доктор» біртұтас кредиттік оқытудың жүйесі бойынша жүргізіледі.

Дәстүрлі «сызықтық оқыту жүйесінен» білім беру үдерісін білім алушының өздігінен жоспарлауына мүмкіндік беретін, «сызықтық емес» жүйелердің бірі болып табылатын кредиттік оқыту жүйесіне өту еліміздің жоғары мектеп жүйесінде бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ляхович, Е. С. Модель Гумбольдта: университеты-центры эталонного знания // ВВШ, 1994. – № 2. – С. 40–41.
- 2 Ладыец, Н. С. Развитие идеи западного университета: социально-философский анализ. – Ижевск, 1991. – 83 с.
- 3 Пахомов, Н. Н. Кризис образования в контексте глобальных проблем // Философия образования для 21 века. – М., 1992. – 24–25 бб.
- 4 Исаева, З. А., Баширова, Ж. Р. Развитие университетского образования: общая характеристика (Великобритания, Франция). – Алматы, 2003. – № 2. – С. 13.
- 5 Баширова, Ж. Р. О методологическом базисе новой модели образования // Высшая школа Казахстана, 2004. – № 1. – С. 762–71.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

Г. Аширбекова, С. К. Ксембаева

Развитие университетской образовательной системы: исторический аспект

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 23.08.17.

G. Ashirbekova, S. K. Ksembaeva

The development of the university education system: the historical aspect

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 23.08.17.